

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2016 ж. «17» 08 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 990240004320

№ _____

Бастапқы тіркелген күні 1999 ж. «04» 08



Павлодар облысы
қаржы басқармасының
«28» 04 2023 жылғы
№ 291 бұйрығымен
бекітілген

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2016 ж. «17» 08 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 990240004320

№ _____

Бастапқы тіркелген күні 1999 ж. «04» 08

Павлодар облысы әкімдігі
Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Павлодар медициналық жоғары колледжі»
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

БСН 990240004320

№ 1003 0407004 23.05.23

Бастапқы тіркелген күні 1999 ж. «04» 08

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар медициналық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын), шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Павлодар облысы денсаулық сақтау департаментінің 27.12.2000 жылғы «Заңды тұлғалар құру туралы» № 441 бұйрығына сәйкес құрылды, Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 05 шілдедегі «Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының атауын өзгерту туралы» № 223/5 қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган - Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты коммуналдық меншік субъектісінің құқықтарын жергілікті атқарушы орган - Павлодар облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган - «Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы мемлекеттік тілде: Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар медициналық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Кәсіпорынның атауы орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Павлодарский медицинский высший колледж» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140003, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Иса Байзақов көшесі, 151.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылған болып саналады және заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығында жеке мүлкі, дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлғаны құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

11. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

12. Кәсіпорынмен жасалған және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Кәсіпорын қызметінің мәні білім беру және денсаулық сақтау саласындағы лицензия және өндірістік-шаруашылық қызмет негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары:

1) орта кәсіптік білім алу арқылы жеке тұлғаның зияткерлік, мәдени және адамгершілік даму қажеттіліктерін қанағаттандыру;

2) орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандарға қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

3) медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандардың қосымша кәсіптік білім берудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру Стандарттарына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

5) жастардың белсенді азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, патриотизм сезімін, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру;

6) оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу;

7) педагог кадрлар мен қызметкерлердің біліктілігін үздіксіз арттыру, жас оқытушыларды тәрбиелеу үшін тәлімгерлік мектебін қолдау және дамыту;

8) әлеуметтік әріптестік кеңістігін кеңейту;

9) халық арасында медициналық білімді тарату, оның білім беру және мәдени деңгейлерін, оның ішінде ақылы білім беру қызметтері арқылы

арттыру;

10) білім алушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шараларды орындау;

11) қаржы-шаруашылық қызметті дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту.

15. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) білім беру қызметін мемлекеттік лицензия негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асыру;

2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

3) білім алушылар мен Колледж қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсету, оның ішінде емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізу;

4) заңды және жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорын қызметінің мақсаттары мен түрлеріне сәйкес мынадай бағыттар бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсету:

а) арнайы курстар мен пәндер циклдерін қосымша оқыту;

б) студенттермен олардың білімдері мен дағдыларын тереңдету, сабақтарды босатып алу салдарынан білімдегі олқылықтарды жою қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша оқу сабақтары;

в) халықтың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламалары; спорттық-бұқаралық іс-шараларды, төрешілерді, заңды және жеке тұлғаларды ұйымдастыру;

г) симуляциялық технологияларын пайдалану негізінде кәсіби құзыреттілікті жетілдіру үшін симуляциялық оқыту жүргізу;

д) Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын объективті бағалауды тестілеу, аттестаттау өткізу үшін қызмет көрсету;

е) Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығына тестілеу, аттестаттау және объективті бағалау жүргізу.

16. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келетін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі бір шектелген қызмет мақсаттарына қайшы, не Басшының Жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер

қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген атқарушы органға уәкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Басқару органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы қорының мөлшерін белгілейді;

7) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларды сыйақылау және өзге де сыйақылар жүйесін белгілейді;

8) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Кәсіпорынның органы оның Басшысы, сондай-ақ ол құрылған жағдайда Бақылау кеңесі болып табылады.

21. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Басқару органы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген талаптардан басқа, Кәсіпорын басшысының таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармағаны үшін жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорын басшысы қаржы-шаруашылық қызметі мен кәсіпорын

мүлкінің сақталуы, Кәсіпорынның даму жоспарының тиімділігі мен нәтижелігі үшін дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын оның құзыретіне сәйкес кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

26. Басшы:

1) сенімхатсыз Кәсіпорын атынан әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар мен өзге де мәмілелер жасасады;

4) сенімхат береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерін Еңбек шартымен жұмысқа қабылдайды және бұзады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, оларға көтермелеу шараларын қолданады және жаза қолданады;

Басқару органы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын

Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы Басшының ұсынуы бойынша осы Жарғыда белгіленеді;

8) белгіленген еңбекақы қоры шегінде Кәсіпорын қызметкерлеріне (өз орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерлерін қоспағанда) еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы беру жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатураларды басқару органына ұсынады;

10) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) Басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

27. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық

өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

28. Кәсіпорын мен Жергілікті атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

29. Кәсіпорын мен Басқару органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

5. Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

30. Уәкілетті органның ұсынысы бойынша Кәсіпорында Бақылау кеңесі құрылуы мүмкін.

31. Бақылау кеңесін құру тәртібін, құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қадағалау кеңесі мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

32. Бақылау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және Бақылау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

33. Бақылау кеңесі қызметі қолданыстағы заңнамамен және Бақылау кеңесі туралы бекітілген ережемен реттеледі.

6. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

34. Білім беру бағдарламалары білікті жұмысшы кадрларды, орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврды даярлауға бағытталған.

35. Мазмұнына байланысты жалпы білім беру және кәсіптік оқу бағдарламалары келесі оқу бағдарламаларына бөлінеді:

- 1) жалпы орта білім беру;
- 2) техникалық және кәсіптік білім беру;
- 3) орта білімнен кейінгі білім.

7. Білім беру ұйымына қабылдау тәртібі

36. Кәсіпорында қабылдауды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес, құрамын Кәсіпорын басшысы бекітетін қабылдау комиссиясы жүргізеді.

37. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі, талапкерлер ұсынатын құжаттардың тізбесі, құжаттарды қабылдауды бастау және қабылдау мерзімдері, апелляцияларды қарау тәртібі және өтініштер мен басқа да мәселелерді, сұрақтарды қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен Үлгілік қағидалар негізінде Кәсіпорын басшысы бекіткен қабылдау ережелерімен айқындалады.

38. Кәсіпорынға қабылдау Кәсіпорын басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

8. Білім беру үрдісін ұйымдастыру тәртібі

39. Кәсіпорында оқу сабақтарының келесі түрлері белгіленеді: сабақ, дәріс, семинар, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, өзіндік жұмыс, консультация, курстық және дипломдық жобалау және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де нысандар.

Оқу сабақтары мен кәсіптік практиканың әртүрлі түрлерін өткізу мерзімдері оқу жұмыс жоспарларымен және оқу үрдісінің кестесімен белгіленеді. Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдері оқу үрдісінің кестесімен белгіленеді.

40. Оқыту мынадай нысандарда жүзеге асырылады: күндізгі, кешкі оқыту, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де нысандар. Оқу жылы мен оқу семестрінің ұзақтығы оқу үрдісінің кестесіне сәйкес белгіленеді.

41. Кәсіпорындағы сабақ режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

42. Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

9. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

43. Үлгерімге ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

10. Білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі

44. Білім алушыны оқудан шығару заңнамаға сәйкес Кәсіпорын басшысының бұйрығымен ресімделеді.

45. Білім алушылар студенттер қатарынан шығарылуы мүмкін:

- 1) өз қалауы бойынша;
- 2) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 3) аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үштен артық қанағаттанарлықсыз баға;
- 4) ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

46. Академиялық демалыс білім алушыларға келесі негізде беріледі:

- 1) науқастануы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындылары;

2) туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйымның орталықтандырылған дәрігерлік-консультациялық комиссиясының ұзақтығы 36 айдан аспайтын шешімі;

3) әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағаздары;

4) бала үш жасқа толғанға дейін оның туылуы, асырап алуы.

11. Ақылы қызметтер көрсетудің тізбесі мен тәртібі

47. Кәсіпорын ақылы қызметтер көрсетудің тізбесі мен тәртібін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

12. Кәсіпорынның білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі

48. Кәсіпорынның білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынасы кәсіпорынға қабылдау туралы шартқа және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді.

13. Кәсіпорынның мүлкі

49. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

50. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

51. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

52. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

53. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

54. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша

алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

55. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

56. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

57. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 58, 59-тармақтарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

58. Осы Жарғының 57-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы меншік иесінің шешімі бойынша Кәсіпорыннан мүлікті заңды түрде алып қойған жағдайларда тоқтатылады.

Заңды алып қою жағдайларына, атап айтқанда,:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына сай келмейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын немесе мақсатына сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қою.

59. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган) кәсіпорынға алып қойылған мүлікті ұстау және оны өзге тұлғаға бергенге дейін оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілейді.

60. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен басқару органының ұсынуы бойынша құқылы:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге.

Кәсіпорын дебиторлық берешекті басқару органының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға, қарыздар беруге құқылы.

61. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

62. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 60, 61-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

14.Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

63. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының

бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

64. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке есептелуге жатады.

Кәсіпорын корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды жүргізеді.

65. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес сатады.

66. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасы кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз кірісі есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын кәсіпорын кейбір жағдайларда Басқару органының келісімі бойынша дербес белгілейді.

67. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

15.Кәсіпорынның жарғылық капиталы

68. Кәсіпорынның Жарғылық капиталының мөлшері 21 210 000,00 (жиырма бір миллион екі жүз он мың) теңгені құрайды 00 (нөл) тиын.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

16. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі

69. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық

есептілік стандарттарына сәйкес басқару органымен келісім бойынша кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

70. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

71. Байқау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының, атқарушы органның бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

17. Кәсіпорынның жауапкершілігі

72. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

73. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның және басқару органның іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

18. Еңбек ұжымымен қарым-қатынас

74. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

75. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

19. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

76. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

77. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығында) дербес айқындайды.

78. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Басқару органы белгілейді.

20. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

79. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

80. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Басқару органы жүзеге асырады.

81. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

82. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

21. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

83. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган енгізеді.

Басшы



Касимова Б.К.



Утвержден
приказом управления финансов
Павлодарской области
от «28» 04 2023 года
№ 291

УСТАВ
коммунального государственного предприятия
на праве хозяйственного ведения
«Павлодарский медицинский высший колледж»
управления здравоохранения Павлодарской области,
акимата Павлодарской области

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Павлодарский медицинский высший колледж» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с Приказом Департамента здравоохранения Павлодарской области от 27.12.2000 года № 441 “О создании юридических лиц”, переименовано в соответствии с постановлением акимата Павлодарской области от 05 июля 2016 года № 223/5 «О переименовании коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Павлодарский медицинский колледж» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области».

3. Учредителем Предприятия является местный исполнительный орган - акимат Павлодарской области.

4. Права субъекта коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет местный исполнительный орган - акимат Павлодарской области.

5. Органом, осуществляющим управление предприятием является государственное учреждение «Управление здравоохранения Павлодарской области» (далее – Орган управления).

6. Наименование Предприятия на государственном языке: Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар медициналық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Наименование Предприятия на русском языке: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Павлодарский медицинский высший колледж» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области.

7. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, 140003, Павлодарская область, город Павлодар, улица Исы Байзакова, 151.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет обособленное имущество на праве хозяйственного ведения, самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица с согласия местного исполнительного органа.

11. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

12. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

13. Предметом деятельности Предприятия является осуществление образовательной деятельности на основании лицензии и производственно-хозяйственной деятельности в области образования и здравоохранения.

14. Целями деятельности Предприятия являются:

1) удовлетворение потребностей личности в интеллектуальном, культурном и нравственном развитии посредством получения среднего профессионального образования;

2) удовлетворение социально-экономических потребностей общества в квалифицированных специалистах со средним медицинским и фармацевтическим образованием;

3) удовлетворение потребностей специалистов с медицинским и фармацевтическим образованием в дополнительном профессиональном образовании;

4) осуществление образовательной деятельности в соответствии с государственными общеобязательными стандартами образования Республики Казахстан;

5) формирование у молодежи активной гражданской позиции, социальной ответственности, чувства патриотизма, высоких нравственных и лидерских качеств;

6) внедрение в учебно-воспитательный процесс инновационных педагогических технологий;

7) непрерывное повышение квалификации педагогических кадров и работников, поддержка и развитие школы наставничества для воспитания молодых преподавателей;

8) расширение пространства социального партнерства;

9) распространение медицинских знаний среди населения, повышение его образовательного и культурного уровней, в том числе путем платных образовательных услуг;

